

5 Zakaryanova Sh.N. *Psychological aspects of socialization of children brought up in child's house*: avtoref., Almaty, 2009, p. 10.

6 *How is it possible to win inconvenience of way of life of family? Methodical train aid to the specialists and parents on forming of relation in family*, Astana, 2012, p. 169–181.

ӘОЖ 376.17

Ю.Н.Камалов, Е.Е.Альчимбаев

*М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент
(E-mail: akerke.kz.ru@mail.ru)*

«Технология» пәнін оқытуда қалыптасатын құзыреттіліктер сипаты

Мақалада «Технология» мектеп пәнін оқытуда оқушының функционалдық сауаттылық ролі қарастырылған. Бағдарламалық материалдың мазмұны талданған. Оқушының кілтті және пәндік құзыреттілігі анықталған. «Технология» пәнін оқытудың оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық моделі көрсетілген.

Кілт сөздер: технология, мектеп, оқыту, оқушы, функционалдық сауаттылық, кілтті құзыреттілік, пәндік құзыреттілік, моделі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысымен «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды. Бұл Жоспарда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту процесін ғылыми-әдіснамалық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің кешенді іс-шараларын жүргізу көзделген. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі жүйелік шараларды іске асыру тетіктерін анықтау міндеті қойылды [1].

Осы жаңа жағдайда мектептегі оқыту процесі оқушылардың өмір бойы оқуын қамтамасыз ететін құзыреттерінің қалыптасуына және артуына негізделуі тиіс. Функционалдық сауаттылық біліммен, іскерлікпен және дағдымен ғана шектелмей, солардың негізінде әр елдің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, қалыптасатын құзыреттілікпен анықталады. Функционалдық сауаттылықтан күтілетін нәтиже білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін меңгеруі болып табылады. Пәндік құзыреттілік оқушының жүйелеп жинаған білімдерін практикалық жағдайда тиімді пайдалана білу болса, түйінді құзыреттіліктер мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламалары арқылы қойылатын талаптармен анықталады.

Осы орайда біздің зерттеп отырған ғылыми-зерттеу жұмыстарымыздың бағыты мектеп қабырғасында «Технология» пәнін оқыту үрдісінде оқушылар бойында қандай функционалдық сауаттылық қалыптасады және оны қалай дамытуға болатын мәселелерді алға тартып отырмыз.

Оқу пәндері бойынша оқушылар бойында қалыптасатын функционалдық сауаттылықтың алғышарттары және негізгісі ол білім берудің мазмұнымен тікелей байланыста болатындығы анық.

«Технология» оқу пәнінің мақсаты — техника мен технология саласында оқушылардың заманауи өндірісі негіздері жөнінде алған білімі жүйесінің нәтижелігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар технологиялық ойлау қабілетін, болмысқа деген шығармашылық көзқарасын дамыту болып табылады. Пәннің оқыту бағыты оқушыларды материалдық құндылықтардың заманауи өндірісінің негізгі технологиялық үрдістерімен таныстыруға, кейінгі кәсіптік білім алуға және еңбек етуге қажетті дайындықтарын қамтамасыздандыруға негізделген. Бағдарламаның мазмұны оқушының жеке тұлғасы, отбасы және қоғамның қажеттіліктерін, қазіргі заманғы педагогикалық ғылымының жетістіктерін ескере отырып, белгіленген [2].

Бағдарлама мазмұнындағы оқу тарауларын жүйелеп талдау және жинақтап зерттеу нәтижесінде біз оқушылар бойында қалыптасатын функционалдық сауаттылықты пәндік және түйінді

құзыреттіліктер негізінде анықтадық (1 кестені қара). Яғни бағдарлама тарауларын оқыту мазмұнына сәйкес берілетін теориялық ұғымдардың басым бағыттарын анықтау, функционалдық сауаттылықтың мотивациялық негізін түзеді. Оқушылар конструкциялық материалдардың қасиеттері мен құрылымы және оларды технологиялық өңдеу барысында пайдаланылатын түрлі құрал-жабдықтардың конструкциялық ерекшеліктері мен кесу геометриясының параметрлері жөнінде теориялық мағлұматтар алады.

«Еңбек технологиясы» пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы негізгі үдерістердің бірі сабақ барысында дайындалатын еңбек нысандарын дұрыс орындау болып табылады. Себебі еңбек нысандарының қоғамға пайдалы сипаты мен өнімділік бағыты оқушының технологиялық операцияларды дұрыс орындауға инновациялық қызығушылығын арттыра түседі. Біз төменде көрсеткен кестеге сәйкес оқушылар бойында қалыптасатын функционалдық сауаттылық пәндік және түйінді құзыреттіліктер негізінде түзілген. Пәндік құзыреттілік оқыту мазмұнындағы нақтыланған практикалық іс-әрекеттерінің, яғни түрлі технологиялық операцияларды орындауға бағытталған білім, іскерлік және дағдының, қалыптасуы қарастырылады. Ал түйінді құзыреттіліктер бағдарлама мазмұнында көрсетілген білім берудің нәтижесінде және тұлғаның сапасына байланысты талаптарға сай анықталып, олардың құрамына «технологиялық», «ақпараттық», «экономикалық», «тұлғалық» және т.б. құзыреттіліктер енгізілген.


Кесте

Оқу бағдарламасы мазмұнындағы негізгі тараулар

Оқу бағдарламасы мазмұнындағы негізгі тараулар	Сыныбы	Сағат көлемі	Теориялық ұғымдар	Практикалық іс-әрекет жұмыстары	Дайындалатын еңбек нысандары	Қалыптасатын функционалдық сауаттылық	
						пәндік құзыреттіліктер	түйінді құзыреттіліктер
Металды қол аспаптармен және механикалық өңдеу технологиясы	5	8	Металдар туралы негізгі мәліметтер. Қара және түсті металдар, олардың қорытпалары, қасиеттері. Металды қол аспаптарымен өңдеу құрылымдары. Сым және жұқа табақты металдардан бұйымдар жасау технологиясы, олардың графикалық бейнесі	Сым мен табақты металдарға белгі түсіру, түзету, майыстыру және кесу. Дайындалатын бұйымның құрылымын жасау және құрастыру	Дәнекерлеуге арналған тіреуіш, балалар киім ілгіші, сәнді шырақ қойғыш бұйымдарын жасаудағы өнімді еңбек	Сым және жұқа табақты металдарға белгі түсіру, түзету, майыстыру, кесу, бұйымның құрылымын жасау. Жобалау, графикалық бейнелеу жөніндегі білім, іскерлік, дағды	Технологиялық, ақпараттық, экономикалық, іс-қимылдық, Тұлғалық

Мектеп қабырғасындағы оқу-тәрбие үрдісінің нысандарын және соның негізінде жүзеге асырылатын оқу пәндерінің мазмұнын теориялық тұрғыдан талдау нәтижесі оқушылар бойында қалыптасатын функционалдық сауаттылықтың сипатын анықтауға мүмкіндік туғызады. Яғни оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларда қалыптасатын пәндік және түйінді құзыреттіліктер олардың білімі мен іскерлігін, шығармашылық іс-әрекетіне және белсенді азаматтық ұстанымына сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтадық [3].

Міне, соған сәйкес біз «Технология» пәнін оқыту үрдісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың төмендегідей құрылымдық моделін ұсындық (сур. қара).



Сурет. «Технология» пәнін оқыту үрдісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың құрылымдық моделі

Біз ұсынып отырған модельге сәйкес «Технология» пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру бірқатар дидактикалық шарттардың орындалуына тәуелді екендігі анықталып отыр. Осы орайда біз жүргізген теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде төмендегідей шарттардың орындалуы міндетті екендігін анықтадық.

Келесі «Ақпараттық және дидактикалық құралдар» бағыты бойынша анықталған дидактикалық шарт мектептегі оқу-тәрбие жұмысының үдерісін заман талабынан туындайтын сұраныстарға сәйкес қанағаттандыратын бірден-бір негізгі мәселе екендігі белгілі. Әсіресе «Технология» пәнін оқыту үрдісінде түрлі технологиялық машиналардың ішкі құрылысын немесе конструкциялық материалдарды өңдеу үрдісіндегі түрлі физикалық, химиялық заңдылықтар үрдісін көрсетуде

ақпараттық құралдардың алатын орны ерекше екендігін атап өту керек. Мысалы, күнделікті сабақтар барысында қолданылып жүрген интер-белсенді такталарда тақырыпқа сәйкес пайдаланылатын «виртуалдық» жұмыстар көмегімен өңделетін заттың ішкі құрылысын еңбек операцияларын орындаудың тәртібін технологиялық үрдістерді анимациялық негізде жан-жақты баяндап көрсетеді. Сондықтан да біздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі бойынша ақпараттық және дидактикалық құралдардың жеткілікті деңгейде қолданылуы оқушыларда «технологиялық», «іс-әрекеттік», «тұлғалық», функционалдық сауаттылықтың қалыптасуына қосатын нақты үлесі қомақты екендігі анықталды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы біз анықтаған соңғы шарты — ол «Технология» пәнін оқытудың бағдарламасы мен стандарт талаптарына сай жабдықталған материалдық-техникалық база. Оқыту бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқушылар орындайтын сарамандық жұмыстар бойынша атқарылатын іс-әрекет және зертханалық жұмыстардың барлығы да тікелей материалдық-техникалық базаның жабдықталуына сәйкес жүзеге асырылады. Оқушылардың конструкциялық және түрлі материалдарды өңдеу үдерісі технологиялық машиналар негізінде жүзеге асырылатыны белгілі. Сондықтан оқушылар бойында қалыптастырылатын іскерлік пен дағды және оның нәтижелілігі талапқа сай жабдықталған шеберханаларға байланысты екендігі белгілі. Шеберханалардың жабдықталуына нақты талаптар қойылады. Олардың бірқатарына тоқталатын болсақ, оның біріншісі — эргономикалық талаптар. Яғни шеберхана ішіндегі микроклимат бөлме ішіндегі температурасы, жарықтандырылуы, ылғалдылығы, бөлме ішінің алаңы мен көлемі, бөлме ішіндегі құрал-жабдықтар мен технологиялық машиналардың түр-түсі және т.б. Екіншіден, шеберханалар базасындағы құрал-жабдықтардың оқушылар контингентіне сәйкестігі. Үшіншіден, техникалық қауіпсіздік пен санитарлық-гигиеналық талаптар, өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкестігі. Біздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде анықталған функционалдық сауаттылық төмендегідей құзыреттіліктердің қалыптасуын қамтитынын көрсетті, олар «технологиялық», «іс-әрекеттік», «әлеуметтік», «тұлғалық» құзыреттіліктер.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы және соған сәйкес түрлі құзыреттіліктердің қалыптасуы оның оқу-тәрбие барысындағы оқу және оқыту үдерісінің нәтижесіне сәйкес болатыны мәлім.

Соған сәйкес оқу бағдарламаның мазмұнын жүзеге асыру барысында оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерісі үшін бірқатар әдістемелік іс-шаралар сақталынуын керек етеді, олар:

1. Дәстүрлі және белсенді әдістердің қатар қолданылуы.
2. Ұйымдастыру және бақылау формаларының талапқа сай жүргізілуі.
3. Оқыту үрдісінде дидактикалық жүйелердің сақталынуы.
4. Білім беру барысында дидактикалық қағидаларды басшылыққа алу.

Әдетте, оқыту мазмұнына сәйкес өткізілетін сабақтың мақсаттары анықталып, соған байланысты оқыту үдерісіндегі қолданылатын әдістер мен формалар анықталады. Яғни білім берудегі дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдерге сәйкес оқушылардың практикалық іс-әрекеттері барысында қалыптасатын іскерлік пен дағды нәтижелі болатындығын педагогикалық тәжірибелер нақты дәлелдеген. Сондықтан да оқыту үрдісінде бұрыннан пайдаланып келе жатқан дәстүрлі әдістері өздерінің өзектілігін жоймаған. Солардың ішіндегі вербалды (түсіндіру, баяндау, әңгімелесу, лекция) әдістері түрлі көлемдегі ақпараттарды оқушыға жеткілікті деңгейде түсіндіре алатындығы біздің тәжірибеміз нақтылауда. Ал іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда іс-әрекет әдістерінің (жаттығу, есеп шығару, технологиялық құжаттармен жұмыс жасау, әдебиеттермен жұмыс жасау, зертханалық жұмыстар, практикалық жұмыстар) т.б өздерінің тиімді нәтижелерін беруде [4].

Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы жаңа бағыттарды басшылыққа алуда. Солардың негізгілерінің бірі — оқушыларды шығармашылық іс-әрекет негізінде дамыту. Соған сәйкес оқыту үрдісінде қолданылатын әдістер де сан алуан. Олар саралап, даралап, деңгейлеп оқыту. Кейс әдісін, портфолио әдісін пайдалану. Білім берудің мұндай белсенді әдістері оқушылардың ой-өрісін дамытып шығармашылық іс-әрекетіне баулитынына күмән келтіруге болмайды. Сондықтан білім беру үдерісінде дәстүрлі және белсенді әдістерді орынымен пайдалана білу өзінің тиімділігі мен нәтижесін берері мол деп есептейміз.

Көп жағдайда білім беру үдерісінің тиімділігі пән бойынша сабақты ұйымдастыру және бақылау формасын тиімді пайдалану негізінде оның нәтижесін анықтау болып табылады. Оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білу білім беру үдерісіндегі негізгі факторлардың бірі болып есептеледі. Әсіресе біз қарастырып отырған «Технология» пәні бойынша

оқушылардың «іс-әрекеті» негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру негізгі мәселелерінің бірі екендігі мәлім. Сондықтан да бағдарламада келтірілген сарамандық жұмыстарды үш түрлі формада ұйымдастыру қабылданған. Олар, — жалпы топтық, топтық және жеке дара формалары. Сонымен, сабақты ұйымдастыру формаларын оқытудың мазмұнына, сабақтың түріне (теориялық, практикалық, зертханалық, аралас) сәйкес таңдалады. Оқытудың нәтижесін анықтау үшін бақылау формалары (сұрақ-жауап, тест, коллоквиум, жазба жұмыстары, дайындалған еңбек объектісінің сапасы т.б) қолданылады. Яғни жүйелі негізде сабақтарды дұрыс ұйымдастырып және бақылау формаларын тиімді пайдаланылса, онда оқушылардың бойында қалыптасатын функционалдық сауаттылық төмендегідей құзыреттілікпен анықталады. Олар — «іс-әрекеттік», «тұлғалық», «технологиялық», «коммуникативтік» құзыреттіліктер.

«Технология» пәнін оқыту үрдісін ұйымдастыру барысында міндетті түрде оқытудың дидактикалық жүйелері анықталуы тиіс. Себебі оқыту мазмұнына сәйкес оқушылар бойында қалыптасатын іскерлік пен дағдыны белгілі бір анықталған жүйе негізінде жүргізілуі керек. Қазіргі таңда өндірістік еңбек технологиясы саласында жеті жүйе қолданылады, олар «пәндік», «операциялық», «операциялық-пәндік», «операциялық-кешенді», «моторлы жаттығулы», «проблемалық-аналитикалық» және «конструкторлық-технологиялық». Бүгінгі күні көптеген ұстаздарымыз негізгі екі жүйені қолданысқа енгізген, ол — «операциялық кешенді» және «конструкторлық-технологиялық» жүйелер. Технологиялық іс-әрекет барысында дұрыс анықталып оқу үрдісінде пайдалану оқушылардың бойына қалыптасатын іскерлік пен дағдыға тікелей әсер ететіндігі сөзсіз. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы артып, төмендегідей құзыреттіліктердің қалыптасуына мүмкіндік береді, олар «технологиялық», «іс-әрекеттік», «әлеуметтік», «тұлғалық» құзыреттіліктер.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүйелі түрде дамытуда дидактикалық қағидаларды дұрыс пайдалана білуде үлкен мәнге ие. Мысалы, «ғылымилық» қағидасы түрлі техникалық-технологиялық терминдердің мәні мен мағынасын, конструкциялық материалдарды өңдеу барысындағы физикалық-химиялық құбылыстарды дұрыс түсініп қабылдауына жағдай жасайды. Сонымен қатар «жүйелілік», «бірзділік», «сабақтастық», «шамаға лайықтылық», «көрнекілік», «практикамен байланыстылық» т.б қағидалар оқушыларда қалыптасатын функционалдық сауаттылыққа мүмкіндік береді және соның нәтижесінде оқушылар бойында нақты анықталған құзыреттіліктер қалыптасады, ол «ақпараттық», «әлеуметтік», «тұлғалық», «коммуникативтік» т.б құзыреттіліктер.

Жоғарыда біз атап көрсеткен оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісінің оқушылардың білім, іскерлік, дағдысының қалыптасуына және соның негізінде шығармашылық іс-әрекетпен белсенді азаматтық ұстанымға баулитындығына күмәніміз жоқ. Оқушының еңбек рыногындағы әлеуметтік бейімделуіне септігін тигізіп, функционалдық сауатты құзыреттілікке ие тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысымен бекітілген). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832
- 2 «Технология» пәнінің үлгі оқу бағдарламасы. — 5–9 сыныптар. — Астана, 2013. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.scribd.com/.../11-технол-5-9-kz-d.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты». — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs
- 4 Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424/links

Ю.Н.Камалов, Е.Е.Альчимбаев

Описание формируемых компетенций по обучению дисциплины «Технология»

В статье рассматривается роль функциональной грамотности учащихся при изучении школьного предмета «Технология». Анализируется содержание программного материала. Определяются предметные и ключевые компетенции учащихся. Предоставляется теоретическая модель формирования функциональной грамотности учащихся при изучении предмета «Технология».

Yu.N.Kamalov, Ye.Ye.Al'chimbayev

The description formed competences on training of discipline «Technology»

The role of the functional literacy of students in the study of school subject «Technology», are considered in this Article analyzes the content of the material. Determined by the substantive and core competencies of students. Provided a theoretical model of the functional literacy of students in the study of the subject «Technology».

References

- 1 *A plan of national activities for the development of school students' functional literacy for 2012–2016 (Confirmed by decree № 832 on May, 25th 2012 Government of the Republic of Kazakhstan)*, mode: adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832
- 2 *Sample of study program on the subject «Technology» for 5–9th grades, Astana, 2013*, www.scribd.com/.../11-технол-5-9-kz-d.
- 3 *The message of the President of the Republic of Kazakhstan for the people on January 27th, 2012 «Social-economic improvement is the main direction in the development of Kazakhstan»*, adilet.zan.kz/kaz/docs
- 4 *The decree № 1080 of the Government of the Republic of Kazakhstan on August 23rd, 2012 about confirming obligatory education for sufficient level studying for state commune*, adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424/links

УДК 159.92

Р.Ш.Сабирова

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: sabirova.raihan@mail.ru)*

Историографический обзор развития теоретических подходов к изучению проблем самосознания младших школьников

Статья посвящена раскрытию основных концептуальных подходов в изучении проблем самосознания в исторической парадигме. Автор приводит анализ этапов, аспектов, теорий, в рамках которых отразилось исследование рассматриваемой тематики. Теоретический обзор содержит описание истории возникновения научных позиций в изучении вопросов самосознания западных, советских и отечественных психологов. Автор приходит к выводу, что множественность подходов к изучению проблем самосознания обусловлена существованием в рамках психологической науки множества различных областей знания, рассматривающих одно явление с разных сторон, в зависимости от предмета исследования.

Ключевые слова: самосознание, анализ этапов, аспектов, теорий, научные позиции, психологи, психологическая наука, образовательный процесс, феномен «Я», психология.

Наблюдаемые на современном этапе изменения социального характера оказывают значительное влияние на состояние образовательного процесса. Ярким примером таких изменений становятся факты введения в систему отечественного образования законодательных актов, вносящих коррективы в структуру учебного процесса, требующих повышения компетентности педагогических кадров, ста-